

бола алмайтыны. Себебі қазіргі қазақ тіліндегі кірме сөздердің өзіндік табиғаты тұрақты кесте жүйесін жасауға мүмкіндік бермейді.

С.Мырзабек дауыстылар тіркесін талқылай келе мынадай қорытынды жасайды:

1) Жуан дауыстылар жуан дауыстылармен, жіңішке дауыстылар тек жіңішке дауыстылармен ғана тіркеседі. Жуан-жіңішке жіңішке-жуан тіркестер – жазудың жемісі;

2) езулік дауыстылардан соң дауыссыз у-дың көмегінсіз еріндіктер жеке-дара тұрмайды. Тек кірме сөздерде ғана кездесуі мүмкін;

3) жіңішке еріндіктерден соң жіңішке, қысаң езуліктер әсте тіркеспейді.

Аталған тұжырымға қосатынымыз – дауыстылардың тіркесі өлең бунақтарында да іске асатындығы, тек оларды әуен, ырғақ тарапынан ыңғайластыру қажеттігі бар екендігі. Сонда ғана дыбыстық жүйені кешенді түрде зерттеудің мол нәтижеге қол жеткізеді.

1. Мырзабеков С. Қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 248 б.

2. Зиндер Л.Р. Общая фонетика. – М.: Высшая школа, 1979. – 313 с.

3. Аванесов Р.И. Русское литературное произношение. – М.: Просвещение, 1972. – 415 с.

4. Мырзабектен С. Қазақ тілі фонетикасы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 277 б.

5. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казах-киргизского языка. 1894. ч.1. СПб.

Съезд Акимбек СОЧЕТАНИЕ ГЛАСНЫХ ЗВУКОВ

В статье рассматриваются вопросы сочетания гласных звуков казахского языка. Описывается характеристика, предлагаются закономерности и квалификация.

Syezd Akimbek THE COMBINATION OF VOWELS

In article questions of a combination of vowel sounds of the Kazakh language are considered. Its characteristic is described, offered laws and qualification.

З. С. Күзекова, М. А. Асылбаева,
Н.Ә. Назарбаев университеті

САН ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨРІСІ ТУРАЛЫ

Қазақ тілінде сан ұғымын білдіретін тұтастай жүйе бар. Сан, санау адам өмірінде үлкен орын алатынын білеміз. Математика цифрмен жұмыс істесе, ал тілде бұл үшін арнайы сөздер - сан есімдер бар, алайда, грамматикалық сандар математикалық санның көшірмесі емес.

Математика мен философиядағы сан тілдегі сан емес, тілдегі сан - грамматикалық тұлғасы бар, грамматикалық амалдары бар таза грамматикалық категория. Сан туралы ұғым көптеген ғалымдарды қызықтырған, оған куә көптеген еңбектерді атауға болады; қаншама философтардың шығармаларында (Аристотель, 1975; Декарт, 1950; Гоббс, 1989; Кант, 1998; Гегель, 1970; Маркс,) сан ұғымы туралы ойлар жазылды; сан категориясын тілдік тұрғыдан объективтендіруге қаншама еңбек жазылды: Есперсен, 1958; Бодуэн де Куртенэ,

1963; Панфилов, 1971, Полянский, 1984; Акуленко, 1990; Бондарко, 1996.

Сан есімнің логикалық, философиялық, ұлттық мәдени, мифологиялық та ерекшеліктері бар. Сан мағыналы сөздердің нақ осы ұғымы сандардың функционалдық сипатын түсіндіреді. Заттардың есептік қатынасы, олардың белгілері объективті шындықтың фактілері. Сан категориясы объективті әлемнің сипаттарын танудың нәтижесі, ал осы есептік ұғым тілде санның тілдік категориясын құрайды. Сонымен, сан дегеніміз – сыртқы әлемнің құбылыстары мен заттарын мөлшері жағынан сипаттайтын категория.

Сансыз, есепсіз кез келген білім де, кез келген ғылым да, өмірге деген кез келген қатынас та мәнсіз, мағынасыз болып табылады. Сан тек қана заттың мөлшер, өлшемін білдірмейді, сон-

дай-ақ, құбылыстың қарапайым байланысын да білдіреді, мұнда тіл адам ойлауының дамуындағы санмен тікелей байланыстылығы көрінеді. Квантор сөздердің семантикасы мен прагматикасы арнайы зерттеуді керек етеді деп ойлаймыз. Квантор сөздердің семантикалық, прагматикалық ерекшелігін жан - жақты талдауға арналған лингвистикалық жұмыстар көп емес. Есептік те – сапа сияқты ойлау категориясында көрінетін тұрмыс сипаттарының бірі. Есептеудің ойлау категориясы – бір жағынан дискретті үздіксіз есептеу болып көрінетін, екінші жағынан дискретті емес үздіксіз есептеу болып көрінетін тұрмыстың есептік анықтамасының нәтижесі. Біріншісі есептеу арқылы анықталады, екіншісі өлшем арқылы анықталады. Есептеудің осы ойлау категориясына сәйкес сан мен өлшем анықталады. Қазіргі қазақ тілінде есептік қатынас құралдарының дамыған жүйесі бар, үш мағыналық топқа бөлуге болады: 1) нақты есептік мағына: а) сан есімдер арқылы беріледі; б) көптік мағынаны, жекелік мағынаны, жұп мағынаны білдіретін сөздер, 2) квантор сөздер (бәрі, барлығы, әрбірі, т.б.) арқылы берілетін нақты есептік мағына; 3) морфемалар (- лар – лер; -тар – тер; -дар – дер) арқылы жасалатын абстрактілік есептеу мағыналы сөздер.

Сан категориясының тілдік көрінісі ұсынылған топтауда көрініп тұрғандай өзінің мағынасы жағынан бірыңғай емес, көптік ұғымның белгілі де, белгісіз де компоненттерін қамтиды. Қазақ тілі есептік мағынаны білдіретін лексикалық, грамматикалық құралдарға бай, біздің байқауымызша бұл сипатты бірқатар сөз табы әр түрлі деңгейде білдіре алады: сан есім, зат есім, есімдік, сын есім, үстеу, етістік. Белгілі көптік мағынаны

1) зат есім (жүп, егіз, дуэт, трио, квартет, онкүндік) сөздері білдіре алады;

2) сын есім (бойдақ, жалғыз, жүп – жұбымен, сыңар); жалғызға қатысты сөз тіркестері:

жалғыз бала; жалғыз ағаш;

жалғыз - ақ; жалғыз қалу;

жалғыз аяқ жол, жалғыз ауыз сөз;

жалғыз басты адам; жалғызбастылық;

жалғыз ғана; жалғыздан - жалғыз; жападан жалғыз; жапандағы жалғыз үй,

жалғыздық, жалғыз - жалғыздан; жалғыз - жалқы; жалғыз - жарым; жалғызсырау, жалғызілік; жалғызіліктілік; жар дегенде жалғызым.

3) есімдік (әрбір, кейбір);

4) үстеу (бір рет, екі рет, үш рет) білдіре алады.

Белгісіз көптік мағына лексикалық та, грамматикалық та құралдармен беріледі. Мына лексикалардың мағынасы (отбасы, ұжым, тобыр) белгісіз көптікті білдіріп тұр. Бұл тұрғыда «жалпы», «жеке» деген философиялық ұғым да байланысты.

Сан ұғымы, есептік сипаттама басқа да тілдік құралдар арқылы берілетіні мысалдар арқылы байқалып тұр. Олар сандық ұымды білдіретін өріске топтастырылған.

Сан өрісінің орталық және перифериялық өрісін сипаттайық. Бұл өрісте екі орталық бар:

1) сөздердің лексика – грамматикалық топтары – сан есімдер;

2) басқа сөз таптарындағы сан ұғымына қатысты құрылымдар.

Құрылымдық деңгейде бәріміз сан есім түрлерін оқытып жүрміз, алайда есептік сипаттаманы білдіретін басқа синтаксистік құрылымдарға назар аудармай немесе бір өріске жинақтамай келеміз. Осы категория да семантикалық жағынан бір блокқа топтастырылмай, шашыраңқы тұрғыда оқытылып келеді. Сандық ұғымды білдіретін лексикалық, грамматикалық амалдардың айырмашылығын ашып жазу керек. Сан есімдер аты айтып тұрғандай сан, есеп идеясын білдіреді. Ал грамматикалық сан жалғау, жұрнақтың негіздің өзгеруі арқылы беріледі.

Лексика – грамматикалық құралдардың перифериясын

- сан мағыналы есімдіктер (қаншама, соншама, мұнша, сонша, әлденеше), жалпылау есімдіктері: бәрі, барлық, бар-ша, бар (бар адам); лексемалары көптік мағына білдіріп тұрғаны белгілі.

- белгісіздік есімдігі: біреу, кейбіреу, бірнеше,

- көп, аз ұғымына қатысты сөздер.

- жарым - жартылай, бірді – екілі, болмашы бірдене сияқты сөздер;

- сан есіміне жасалған әр түрлі сөз табындағы сөздер (екілік, екі еселеу, екеуміз, екіншіден,

- өлшемді білдіретін сөздер - единицы измерения (метр, литр, тонна, минут;

- зат есіммен, сын есіммен тіркесе отырып, белгісіз үлкен затты, немесе кіші затты білдіретін сөздер (таудай талап, бармақтай бак; теңіздегі тамшыдай, түймедей ой т. б.)

• мая – мая шөп, қазан – қазан (ет) қап – қап (үн) моншақ – моншақ (тер) том – том (кітап), үйір – үйір (жылқы)

жарым – жарты бір нәрсе, жападан – жалғыз, т.б. сөздер;

• тұрақты тіркестер арқылы: жұмыс шаш етекпен, телегей теңіз,

• заттың көптігі немесе аздығын білдіретін тіркестер: **көп** – *ат көпір, құмырсқадай быжынау, бырдай болып жату, есеп жоқ; сансыз, есепсіз;*

аз – *ат төбеліндей, бір түйір, бір уыс, бір шөкім, қасқалдақтың қанындай, (тапшы зат), саусақпен санарлықтай.*

Сандық өрісті білдіретін өрістің ішінде сан ұғымды қатынасты білдіретін микроөрістер бар: жекелік/ көптік, белгісіздік/ белгілі, нақты/жуық шама, топтау/ жинақтау, бүтін/ бөлшек.

Тіпті осы мағыналарды білдіретін толық емес сипаттама да олардың бар екенін, қолданыста екендігін білдіреді.

Белгісіз көптік, аз ұғымды білдіретін коннотативті тілдік бірліктер де бар: бұлар көлемі үлкен бір нәрсені білдіреді

Осындай амал тек біріктіруге ғана әкелмейді, сан ұғымын білдіретін құралдар туралы кешенді ұсынады және әр түрлі деңгей арасындағы жүйелі байланысты көруге мүмкіндік береді. Бастысы – әр түрлі құралдардың мағыналық, логикалық байланысын көруді үйретеді, сөйлеудегі өзара байланысын, қызметін көрсетеді.

Осылайша заттың санын білдіретін өрісті, функционалдық талдау үшін есімдікті, етістікті, сын есімді, етістік тұлғаларын, үстеуді сипаттауға болады.

Сан өрісінің ішіндегі қатынасты қарама қарсылықты атай отырып, мұнан да нақты жүйені көрсетуге болады (жекелік – көптік;

нақты – жуық шама; белгілі – белгісіз, бүтін – бөлшек;

Әрбір мағына өзіндік құралдармен беріледі, микроөріс құрайды.

Тілдік құралдар жүйесі семантикалық ұстаным аясында қарастырылып, топтастырылады. Біз формадағы мағынаға, және семантикадан оны білдіретін құралдарға қарай ұстанымы негізінде грамматиканы синтездеуге ұмтылғанымыз тиімдірек. Есептік сипаттама да осы тұрғыдан жүйеленсе, осы өріске арналған жаттығулар да, оны оқытып, үйрету де жүйеленер еді. Есептік сипаттаманың функционалды семантикалық өрісін былайша жүйелеуге болады деп ойлаймыз: Зат есімнің сан категориясы; зат есімнің көптік, жекелікті білдіретін тобы; етістік тұлғаларындағы, сын есім, есімдіктегі есептік сипат; есептік мағыналы лексика – фразеологиялық құралдар; есептік семантикалық өрістің микро өрісі; белгісіз көптің, белгісіз аздың микроөрісі; жуық шамалы есептеудің микроөрісі; жинақтау мәнді микроөріс.

Есептік сипаттаманың функционалды семантикалық өрісінің құрылымы көп орталықты. Мұнда белгілі, белгісіз санды дифференциялау ұсынылады. Белгілі санның өрісі үш микро өріске топтасады: нумеральдік, бірліктер, нольдіктер (нумеральности, единичности и нулевого количества). Тілдің паремиологиялық және лексика фразеологиялық құралдары есептік функционалды семантикалық өрістің перифериясын құрайды.

1. Чеснокова Л. Д. Категория количества и синтаксические структуры // Вопросы языкознания, 1981, N 2. 44 – 53 бет.

2. Ондрус П. Количественные слова в системе частей речи // Филологические науки, 1971, N 1. с.59-67.

3. Васильева Э.П., Харьковская А. А. Категория количества и ее отражение в английском глаголе. // Языкознание 1996 г. (1)